

«Бекітілді»

Директорлар кеңесінің Шешімімен
«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық
биржасы» АҚ, хаттама
№ 123, «29» қыркүйек 2014 ж.

«ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС
қатысушыларының жалпы
жиналысының шешімімен, хаттама №
24
«29» қыркүйек 2014 ж.

Ережеле

Р

«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ кепілдік қорын және «ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС сақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану ережелері

Осы Ережелер «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ кепілдік қорын және «ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС сақтандыру қорын қалыптастырудың көздерін, тәртібін және пайдалануын айқындайды.

Осы Ережелер ЕСЖ биржасының кепілдік қорын және Клирингтік орталықтың сақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану тәртібін реттемейді.

1. Жалпы ережелер

1. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 1658 қаулысының талаптарын орындау мақсатында ЕСЖ биржасы кепілдік қорын, ал «ЕСЖ Клирингтік орталығы» ЖШС сақтандыру қорын қалыптастырады.

2. Кепілдік және сақтандыру қорларының қаражаты ЕСЖ биржасы мен Клирингтік орталықтың балансындағы жеке шоттарда есепке алынады.

3. Кепілдік және сақтандыру қорларының ағымдағы мөлшері туралы ақпарат ЕСЖ биржасының сайтында жарияланады: www.ets.kz.

2. Кепілдік және сақтандыру қорларын қалыптастыру тәртібі

4. Кепілдік қор ЕСЖ биржасының меншікті қаражаты есебінен заңнамамен белгіленген мөлшерде ақшалай нысанда қалыптастырылады.

5. Сақтандыру қоры Клирингтік орталықпен ЕСЖ биржасы мүшелерінің жарналары есебінен ақшалай нысанда қалыптастырылады.

6. Сақтандыру қорының қаражаты биржа мүшелерінің мүшеліктен шыққан жағдайда олардың өтініші бойынша қайтарылуға тиіс.

3. Биржалық мәмілелер бойынша міндеттемелер орындалмаған кезде кепілдік және сақтандыру қорларын пайдалану тәртібі

7. Биржалық мәміле қатысушысы өзі жасасқан мәміле бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдай туындаған кезде ЕСЖ биржасы кепілдік немесе сақтандыру қорының қаражатын пайдалана алады.

8. Жасалған биржалық спот мәмілелер бойынша кепілдік және сақтандыру қорларының қаражаты мыналарға пайдаланылуы мүмкін:

- зардап шеккен биржалық мәміле тарапына айыппұл ретінде кепілдік немесе сақтандыру қорының сомасын толық не ішінара төлеу үшін;

- биржалық сауда қатысушысы ЕСЖ биржасы, Клирингтік орталық алдында міндеттеме алған шартпен;

9. Бір биржалық мәміле бойынша айыппұл төлеу үшін ЕСЖ биржасы кепілдік қордың 50% (елу пайызынан) аспайтын мөлшерін пайдалануға құқылы.

10. Кепілдік және сақтандыру қорларының қаражатын пайдалану туралы шешімді ЕСЖ биржасының Басқармасы қабылдайды.

11. ЕСЖ биржасының айыппұл төлеу туралы шешімі мыналарды қамтуы тиіс:

- ЕСЖ биржасы кінәлі тараптың орнына зардап шеккен тарапқа айыппұл төлейтін биржалық мәміленің нөмірі;

- кінәлі және зардап шеккен биржалық мәміле тараптарының атаулары мен деректемелері;

- айыппұлды толық немесе ішінара төлеу туралы нұсқау;
- төленетін айыппұл сомасы;
- айыппұл төлеу мерзімдері.

12. Сақтандыру қорының қаражатын айыппұл төлеу үшін пайдалану мақсатында ЕСЖ биржасы Клирингтік орталыққа тиісті өтінімді жібереді.

13. Сақтандыру қоры қаражаты болған кезде Клирингтік орталық өтінімді орындайды және айыппұл сомасын зардап шеккен тарапқа аударады.

14. ЕСЖ биржасының биржалық мәміле бойынша міндеттемелерін орындамаған тарап орнына айыппұл төлеуі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

бірінші кезекте кінәлі мәміле тарабының сақтандыру қорына жарнасының сомасы пайдаланылады;

жоғарыда аталған ақша сомасының жетіспеушілігі жағдайда айыппұл төлеу үшін сақтандыру қорының өзге де қаражаты пайдаланылады;

сақтандыру қорының қаражаты жетіспеген кезде кепілдік қордың қаражаты пайдаланылады.

15. «Астық бойынша желілік брокер» мәртебесіндегі брокердің міндеттемелері бойынша айыппұл төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

бірінші кезекте осы брокердің сақтандыру қорына жарнасының сомасы пайдаланылады;

осы брокердің сақтандыру қорына жарнасының сомасы жетіспеген кезде кепілдік қордың қаражаты пайдаланылады;

кепілдік қордың қаражаты жетіспеген кезде сақтандыру қорының қаражаты қайта пайдаланылады.

4. Кепілдік және сақтандыру қорларын өтеу тәртібі

16. Биржалық мәміленің орнына ЕСЖ биржасы айыппұл төлеген тарап болып табылатын сауда қатысушысы сол айыппұл сомасын ЕСЖ биржасына міндетті түрде өтеуге тиіс.

Айыппұл сомасын ЕСЖ биржасына уақтылы өтемеген жағдайда Биржалық сауда ережелерінде белгіленген тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді.

5. Қорытынды ережелер

17. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Биржаның ішкі нормативтік құжаттарының ережелерін ескере отырып қаралуға тиіс.